Әділет

# Нұртас Оңдасыновтың туғанына 100 жыл толуы мерейтойына дайындық және оны өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 10 наурыздағы N 301 қаулысы

Аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Нұртас Оңдасыновтың есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Нұртас Оңдасыновтың туғанына 100 жыл толуы мерейтойына дайындық және оны өткізу жөніндегі республикалық комиссия құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Нұртас Оңдасыновтың туғанына 100 жыл толуы мерейтойына дайындық және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

3. "2003-2004 жылдары республикалық деңгейде өткізілетін мерейтойлар мен атаулы күндердің тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 26 ақпандағы N 28-ө өкіміне мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген өкіммен бекітілген 2003-2004 жылдар кезеңінде республикалық деңгейде өткізілетін мерейтойлар мен атаулы күндер тізбесі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 10-жолмен толықтырылсын:

"10. Нұртас Оңдасыновтың 100 жылдығы Үкімет қаулысы Мәдениет министр. лігі 2004 жыл".

4. Осы қаулы қол қойылған күніне күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 10 наурыздағы N 301 қаулысына қосымша

## Нұртас Оңдасыновтың туғанына 100 жыл толуы мерейтойына дайындық және оны өткізу жөніндегі республикалық комиссияның құрамы

| | |
|---|---|
| Әбдікәрімов Оралбай | - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы, төраға (келісім бойынша) |
| Қасейінов Дүйсен Қорабайұлы | - Қазақстан Республикасының Мәдениет министрі, төрағаның орынбасары |

Аманшаев - Қазақстан Республикасының Мәдениет
Ермек Әмірханұлы вице-министрі, хатшы

Абдрахманов - Қазақстан Республикасының Ақпарат
Сауытбек министрі

Құлекеев - Қазақстан Республикасының Білім және
Жақсыбек Әбдірахметұлы ғылым министрі

Досмұханбетов - Астана қаласының әкімі
Темірхан Мыңайдарұлы

Храпунов - Алматы қаласының өкімі
Виктор Вячеславович

Жылқышиев - Оңтүстік Қазақстан облысының өкімі
Болат Әбжаппарұлы

Қапақов - Қазақстан Республикасының Премьер-
Нұрлан Төлегенұлы Министрі Кеңсесінің Әлеуметтік-мәдени даму бөлімі мәдениет секторының меңгерушісі

Хұсайынов - Қазақстан Республикасы Білім және
Көбей Шахметұлы ғылым министрлігінің "А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының директоры

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 10 наурыздағы
N 301 қаулысымен
бекітілген

**Нұртас Оңдасыновтың туғанына 100 жыл толуы мерейтойына дайындық және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары**

| Р/с N | Іс-шаралар | Орындалу мерзімі | Орындалуына жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1. | Н. Оңдасыновтың арабша-қазақша және парсыша-қазақша түсіндірме сөздіктерін шығару | 2004 жыл | Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Н. Оңдасыновтың өмірі мен қызметі туралы бұқаралық ақпарат құралдарында материалдар жариялау | | |
| 2. | Астана қаласында республикалық ғылыми-практикалық конференция өткізу, Яссауи атындағы Қазақ-түрік университетінде Н. Оңдасынов атындағы 3 стипендия тағайындау | 2004 жыл | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Астана қаласының әкімі |
| 3. | Оқу орындарында Н. Оңдасыновтың 100 жылдығына арналған тақырыптық кештер мен кітапханаларда көрмелер ұйымдастыру | 2004 жыл | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі, Жазушылар одағы (келісім бойынша) |
| 4. | Оңтүстік Қазақстан облысында Н. Оңдасыновтың 100 жылдығына арналған мерекелік іс-шаралар өткізу. Түркістан қаласында: "Дарын" мектебіне, Арыс-Түркістан каналына Н. Оңдасыновтың есімін беруді заңнамада белгіленген тәртіппен қарауды; "Тұран Тұлғалары" аллеясында Н. Оңдасыновтың мүсінін орнатуды; Н. Оңдасыновтың мұражайын ашуды ұсыну | 2004 жыл | Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі |
| 5. | Астана және Алматы қалалары көшелерінің біріне | 2004 жыл | Астана және Алматы қалаларының әкімдері |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | заңнамада белгіленген тәртіппен Н. Оңдасыновтың есімін беру | | |
| 6. | Астана және Алматы қалаларында Н. Оңдасыновтың 100 жылдығына арналған салтанатты іс-шаралар ұйымдастыру | 2004 жыл | Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі, Астана және Алматы қалаларының әкімдері |
| 7. | "Нұртас Оңдасынов" деректі-хроникалы фильмін шығаруды ұйымдастыру | 2005 жыл | Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК